

Тыныс мүшелерін зерттеудің функциялық әдістері.

Практикалық медицинада балалардың өкпе ауруларын анықтауда тыныс мүшелерін зерттеудің функциялық әдістерінің маңызы зор. Балалардың тыныс мүшелерінің функциясын анықтау үшін спирография, пневмотахометрия, капнография, оксигенометрия, өкпенің диффузиялық тәсілін, өкпенің көлемін, оттегінің кернеуін және артериялық қандағы көмір қышқылын анықтау қолданылады. Бұл аталған әдістер өкпенің көлемін, тыныс алу механикасын, өкпелік газ алмасуымен қатар өкпенің вентиляциялық функциясын бағалауға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы әдістердің барлығын бес жастан асқан балаларға қолдануға болады, ал одан кіші балаларға функциялық байқау әдісін қолдану қиын. Себебі, олар тексеру кезінде белсенді қатыса алмайды.

Спирометрия

- Спирометрия- өкпенің сыймдылығын анықтайтын әдіс (Ө. Т. С). ӨТС-ның жұмыс кезіндегі күйін анықтау үшін әртүрлі жағдайда зерттеу керек. Ол үшін баланы тұрғызып немесе отырғызып, кең демалдырады, мұрынды тез жиырып қысады, спирометрдің түтігі арқылы барлық іштегі ауаны жәймен жібереді.



- Пневмотахометрия- өтімділікті зерттеудің қарапайым және тиімді әдісі. Оның көмегімен ауаны жұту және шығару кезіндегі ең үлкен қозғалыс жылдамдығын анықтайды. Бірақ ПТМ зерттеу мектеп жасындағы балаларға ғана қолданылады. Себебі, бұл әдістерде ауру белсенді қатысуы қажет. Зерттеуде отырған бала демалушы түтіктің ұшын ернімен мықтап қысып, түтікке көз ілеспес тездікпен үреді. Аппараттың қосқышы ауа шығару қалпында тұрады, ал мұрын қысқышпен жабылады. Осыдан кейін қосқышты ішке тарту қалпына ауыстыру керек, осы кезде аппарат жұтудың ең үлкен жылдамдығын тіркейді. Зерттеу 3-4 рет қайталанылады.

Пневмотахометрия



Спирография

- Спирография- тыныс қозғалысын тіркеу арқылы өкпе көлемінің өзгеруін анықтайтын графиктік әдіс. Зерттеу ертеңгісін, аш қарынға 10-15 минут тыныққаннан кейін жүргізіледі.



